

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР" ДЕРЕКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Арайлым Сәбитқызы Мұсағалиева

тарих ғылымдарының докторы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Астана қ., Қазақстан Республикасы

XX ғасырдағы кеңестік деректерді талдаудың өзектілігі халықтың бетке ұстар ұлт зиялылары аттарын қайта қалпына келтіру, еңбектерін зерделеу мен қарапайым халықтың отаршыл жүйеден шеккен қасіретін анықтауда жатыр. Олармен бірге бізге қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы ұлт - азаттық күресінің жарқын беттері мен Кеңестер Одағының өз азаматтарына қарсы бағыттаған саясаты айқындалады. Мұрағаттық құжаттарды тарихи дерек көзі талдаудың жолға қойылуы тоталитарлық мемлекеттің адам құқығын шектеу жолында жасаған қылмыстарын әшкерелеуге мүмкіндік береді. Мәселені анықтауда деректермен жұмыс істеудің жаңа методологиялық ұстанымдарын іздеу кеңес кезеңі мәліметтерін талдаудың көптеген мәселелерін туындатады. Алдымен жаңа мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу, қазақстандық археографияны дұрыс жолға қою, деректерді құпиясыздандыру үдерісін шегіне жеткізу, зерттеушілерді шектеу салынған мәліметтерге жіберу секілді мәселелерді шешу қолға алынуы керек. Сонымен қатар, деректік материалдармен жұмыс істеу әдістерін игеру, жүйелеу бағытында кешенді түрде жұмыстар жүргізу қажеттілігі шығады.

Тоталитарлық мемлекеттің тарихын мұрағат материалдары арқылы анықтау бүгінгі күнгі тарих үшін аса маңызды. Деректерді анықтау, жариялау, талдау, синтездеу тарихи үдерістің шынайы зерттеу негізін қалыптастырады. Осы мақсатта отан тарихының келелі мәселелерін ашуда мұрағаттық құжаттардың деректік жағынан талдануы керек.

Осының барлығы кеңестік тарихқа байланысты деректермен жұмыс істеу қажеттілігін тудырады. Әсіресе деректерді кешенді түрде зерттеу көп нәтижелерге әкеледі. Кеңес өкіметі кезінде шектеу қойылған және жойылған деректерге деректанулық ішкі және сыртқы сын жүргізу Отан тарихының көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл мәселелердің шығуына деректердің жеткілікті дәрежеде ғылыми айналымға қосылмауы да әсер етті. Көбінесе тарихшылар орталық және жергілікті мұрағаттар деректерін қатар алып қарастыруды мақсат тұтпады. Орталықта жазылған еңбектер тек қана сол жердегі мұрағаттарды, ал жергілікті тақырыпты ашатын зерттеулер облыстық мекемелер сақтау қоймаларындағы құжаттарды пайдаланатын үрдіс белең алды. Орталық және жергілікті мұрағаттар арасындағы байланыс, деректерін салыстыру, сараптау жұмысы кенже қалды. Одан деректер базасының тарлығы туындады. Және қазақстандық мұрағаттар құжаттарын құпиясыздандыруды тек қана тоқсаныншы жылдардың екінші жартысынан қолға ала бастады. Тарих ғылымының өресі мен мәдениетінің қалыптасуы деректерді толыққанды игеру арқылы айқындалады. Ал деректерді пайдаланудың пәрменділігі сараптау жолымен жүзеге асады.

Ресей Федералдық мұрағат агенттігі басшысы (Росархив) В.П. Козлов мұрағат құжаттарының тарихи дерекке айналуын кезеңдерге төмендегідей бөліп көрсетеді: «мұрағаттық құжатты сипаттау, одан әртүрлі шектеулерді алып тастау, мұрағаттық құжатты көпшіліктік құжатқа айналдыру – оның өзінің өмір сүруінің төртінші кезеңіне, тарихи дерек дәрежесіне өтуін білдіреді» [1]. Деректанудың іргелілігі ең алдымен тарих ғылымының аса маңызды ерекшелігімен байланысты: тарихтың объектісі – қоғамның өткені тарихшыға тек қана тарихи деректер арқылы танылады [2].

Деректану ғылымында әдіс пен методология қатар жүреді. Оның себебін деректерді тануда практикалық немесе әдістік жұмыстардың көп жүргізілуінен деп ойлаймыз. Өйткені әдістер тарихи деректерді анықтап, зерттеулерде пайдалану, зерделеуді

жүзеге асырады. Деректерді ғылыми талдау әдістері отан тарихының барлық кезеңінің құжаттары үшін бірдей болып табылады. Тек қана деректердің түрі ғана өзгеріп отырады. Сондықтан екі саланың айырмашылығын ашып беру басты мақсат екені дау тудырмайды. Деректанудың методологиясы деректерді талдаудың әдістерін, тарихи танымның ұстанымдарын қалыптастырады. Әдісті методологиясыз жасай алмаймыз, әдіс оның бір бөлігі ғана екенін ескеру қажет. Деректанудың міндеті - деректердің түрлерін зерттеудің жалпы әдістік, яғни деректану методологиясы мәселелерін қорыту. Осы мақсатта барлық тарихи деректерді түсіндіру, ішкі және сыртқы сын сияқты деректанулық практикалық талдау жұмыстары жүргізіледі.

Бір сөзбен айтқанда, тарих методологиясы нақты - тарихи зерттеулердегі практикалық әдістер, ұстанымдар, ғылыми тарихи түсініктер және т.б. теориялық көрініс болып табылады. Тарихшының зерттеу жұмысының практикасын аша отырып, методология танымға оймен қарым - қатынас мүмкіндігін береді, жалпы және жеке нақты - тарихи мәселелерді талдаудың теориялық ұстанымдарын, тәсілдерін саналы қолданады және жасайды [3].

Деректану методологиясы туралы мәселенің қойылуы, яғни деректермен жұмыстың әдістері мен ұстанымдары жүйесі тарихи білімнің бұл саласының ғылым ретінде даму болашағын анықтады. Бұл идея XX ғасырдың басындағы тарихнамада қабылданды, оны Л. Карсавиннің жұмысынан көруге болады. Деректанудың методологиясы шығарманы немесе оның сақталып қалған фрагменттерін мәдениет құбылысы және зерттеу үшін дерек көзі ретінде түсіндіреді. Мәдениет тарихшысы және ойшылы Л. Карсавин өзінің «Теория истории» оқу құралында деректер өткенді ғылыми тану мүмкіндігін жасайды деп айтты. Ғалым деректерді зерттеуде гуманитарлық білімнің мүмкіндігін көре білді: «Деректерді өткеннің бөлігі ретінде жеткілікті түсінуде, дұрыс бағалауда субъективтілік дәрежесі және жаратылыстану ғылымы әдісімен салыстырғандағы тарихи әдістің үмітсіздігі күшін жояды және өзінен - өзі көрінбей қалады» [4].

Ал кеңестік кезеңде революцияға дейінгі тарихнамаға, оның ішінде методологиялық мәселелерге байланысты жағымсыз көзқарастардың болуына қарамастан, А. Лаппо - Данилевский пікірлері деректануды оқыту, құжаттарды жариялау және зерттеу әдістерінде көріне бастады.

Ресейдің белгілі деректанушылары С. Валк, М. Тихомиров, И.Д. Ковальченко, С. Шмидт, О. Медушевскаялар кеңестік деректанудың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеуге біршама үлес қосты. Бірақ кеңес тарихшылары деректанулық методологияның басты ұстанымы деректерге ішкі және сыртқы сын жүргізуді жүзеге асыра алмады. Мәселен, заңдық актілерді зерттеуде Қылмыстық Кодекстің баптары талдана қоймады. Мұрағаттық құжаттар ішінде партиялық - кеңестік мекемелерінің құжаттары немесе большевиктерді мадақтайтын материалдар ғана бірінші орынға қойылды.

Дегенменен, деректанудың теориясы мен методологиясының қалыптасуы патшалық Ресейде басталып, кеңес кезінде жасалып, қазіргі кезде дамуының жаңа фазасына енді десек еш қателеспейміз. Ресей деректануы методологиясы бір қалыпқа түскен, орныққан ғылым салаларының қатарына жатады.

Ресей мемлекеттік гуманитарлық институтында деректанудың келелі мәселелеріне байланысты ғылыми конференциялар жиі - жиі болып тұрады. XX ғасырдың деректануына арналған үлкен пікір алмасулардың бірі ретінде 1993 жылы 28-30 қаңтарда аталмыш оқу орнының РФА Ресей тарихының институтымен бірлесіп өткізілген «Источниковедение XX столетия» деп аталатын ғылыми конференциядағы берілген пікірлерді айтуға болады. Оның негізгі мәні мынада: өтіп бара жатқан XX ғасыр әлемге үлкен өзгерістер әкелді. 1917 жыл жаппай санадағы шекараны анықтады, оның ар жағында өмірдің қалыпты тәртібі, өзін - өзі ұстау, ойлау, оның ішінде ғылыми пікірлер қалды. Ғылымның дағдарысы мен парадигмалар алмасуы ғасыр басында байқалды. Оның аяқталуы жаңа парадигманы, яғни сол кездегі «жалғыз мүмкін» марксистік - ле-

ниндік методологиялық қадамнан келіп шыққан, тарихи үдерісті зерттеудің бұрынғы қалыптасқан схемасынан бас тартуға алып келді.

Ал конференцияда сөйлеген тарихшы В.А. Муравьевтің пікірінше, методологиялық дағдарыстан шығудың екі жолы бар. Біріншісі - жаңа парадигманың негізінде, жаңа мәселелердің көрінісі арқылы өткен мен жаңа кезеңнің сарапталуы. Бұл тарихтың сыни бұрылысындағы жаңа методологиялық білімді талап етеді. Екінші жол - ғылыми айналымға деректердің барлық кешенін ендіру. Егер тарихи деректі адам қызметінің нәтижесі ретінде деген түсініктен шығатын болса, бұндай қадам дәуір мен адамды оның қызметінің нәтижесі ретінде зерттеу мүмкіншілігін береді. Осы жерде біздің елдің формациялық дамуы, «формация» түсінігін мазмұнды толықтыру және тіпті өзіндік кейпімен ерекшеленетін Ресей тарихына осы қадамды қолдану туралы пікірді қайта қарау қажеттілігі туындайды. Аталған мәселеге жаңа заманда туған деректер кешенін зерттеу арқылы шығу уақытты да, тарихтың тұлғаларын да дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеуші адамдардың қызметі нәтижесінде туған деректердің түрлерін жасай отырып, осы дәуірдің суреттемесін құруы мүмкін. Осы жолда оны өз шешімін талап ететін классикалық деректанудың мәселелерінің тұтас қатары күтеді.

Кеңес кезінде деректану ғылымының басты орталығы болған Тарих - мұрағат институтының теоретик ғалымдарының бірі С.О. Шмидт деректанудың төмендегідей мәселелерін жеткілікті анықталмаған [5] деп көрсетеді. Олар, «деректану» түсінігінің көлемі, деректанудың деңгейі, теориялық деректанудың пәні, тарихи деректердің жіктелуі, деректанулық зерттеулер мен тарихи деректердегі тарихи факті туралы мәліметтерді анықтау әдістері, деректанулық білімнің басқа салаларымен салыстырылуы, деректану саласындағы тарихнамалық мұраларды зерттеу міндеттері. Ол ресейлік ғалымдар арасында теориялық және нақты деректану мәселесін, деректану тарихнамасы бойынша еңбектерді де жазуды қолға алуды көтеріп жүр.

И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева сияқты бір топ деректанушылар бастаған бұрынғы Мәскеу тарихи - мұрағаттану институты, қазіргі Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің ғылыми - педагогикалық мектебі өз тәжірибелерін ұсынуда [4]. Олар үш ұстанымды сәтті көрсетеді: «тарихи дерек» ұғымының анықталуы (зерттеу пәні), деректанулық талдау құрылымы (зерттеу әдісі), зерттеуші санасының тарихи танымдағы рөлі (методология). А.С. Лаппо – Данилевскийдің ұстанымдарын талдай отырып, авторлар деректану методологиясы шығарманы немесе оның сақталып қалған фрагменттері сияқты дерек көздерін мәдениет құбылысы ретінде және оны зерттеу үшін қажет етіп түсіндіреді. Олардың ойынша, тарихи деректерді зерттеудің ғылыми методологиясында іздеп табу, эвристика (адамның шығармашылық ойлары және қандай да болсын міндетті шешудің психикалық үдерісі туралы ғылым), түрге бөлу, онда бар ақпаратты түсіндіру басты маңызға ие болады. Күрделі зерттеу әдістері үзік - үзік сақталған шығармаларды өз уақытының мәдениет құбылысы ретінде жасауға мүмкіндік береді, аталған құбылыс мәдени тұтастық ерекшелігі дей келе, түрлерін ашады. Бұл әдістер бір - бірімен логикалық байланысты, деректану методологиясының біртұтас жүйесін құрайды. Ол жүйелілікке, тарихилылыққа сүйенеді, деректерді түрге бөлу әдісін, деректанулық талдау мен синтезді жетілдіреді.

Әрине, ғалымдар деректанудың теориялық – методологиялық ұстанымдарына жаңа көзқарастарды енгізгісі келеді. Мәселен, философиялық ой - пікірлерді байқаймыз. Олар дерек мәдениет феномені және танымның нақты объектісі, гуманитарлық ғылымның антропологиялық бағдары деп қарайды. Сонымен бірге, деректанулық сынды зерттеу практикасының эмпирикалық (логикалық тәжірибе және теориялық қорыту маңыздылығын кішірейту, шынайы танымның жалғыз құралын мойындайтын философиядағы бағыт) тәжірибесін қорыту болып табылады деп түсіндіреді.

Осыдан келіп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында орыс тарихшылары мен философтарының деректанулық методологиясын талдайды. Басты ұстаным

етіп Лаппо - Данилевскийдің төмендегі тұжырымын алады: «Деректану методологиясы әлі күнге дейін толық және жүйелі дамыған ғылымды көрсете алмайды; біреулер бұндай ғылымды нақты тарихи деректер мәліметімен, «эвристикамен» байланысты оның коллекциялары мен басылымдарын қараумен ауыстыруды ұсынады да, басты орынды сынға береді; екіншілер деректану методологиясын «сынмен», оны кең мағынада қарап ұқсастырады; үшіншілері тарихи деректерді қоғамдық өмірдің жағдайы мен формаларына байланысты олардың генезисінде зерттейді». Авторлар А. Лаппо - Данилевскийді деректер туралы тұтас ғылым ретінде деректанудың қалыптасуында жаңа кезең ашты деп түсіндіреді.

Жоғарыда аталған ғалымдар революцияға дейінгі А. Лаппо – Данилевскийдің идеологиядан ада, философиялық көзқарастарын дамытуды басты мақсат тұтады.

Дегенменен де, кеңестік деректанушылар қатарында Лаппо - Данилевскийдің шәкірті С. Валк және оның пікірін қолдаушылар мен жалғастырушылар болды. Талантты ғалым С. Валк В. Лениннің шығармаларына археографиялық талдаулар жасады және кеңестік деректану ғылымының бастау көзінде тұрды [5, 395-404].

Әрине, кеңестік деректанушылар басқа ғылымдар секілді қасаң марксистік-лениндік теориялық - методологиядан асып кете алмады. Дегенменен, кеңес тарихшылары деректану пәнін қосалқы тарихи пәндер қатарынан шығарып, тарихтың жеке ғылым саласына көтере алғанын ұмытпауымыз керек. Деректану ғылымында объективтілік, партиялық, тарихилық ұстанымдар басым орынға ие болды.

Тарихилылық ұстанымы Маркске дейін де ойлау мен тарихи танымның жолдарының бірі болды. Ал тарихи танымның объективтілігі іргелі теориялық мәселе болып табылады. Объективтілік – ғылымилық, ақиқаттылық, ақиқатты білімді жетілдіру талабы – ғылымның маңызды бір саласы, ғылым ақиқатсыз болмайды [3, 142- 160].

Бірақ, соның өзінде негізгі бағыттар өзгеріссіз қала берді. Тарихи дерек адам қызметінің өнімі ретінде қарастырылды. Деректі тану, оның пайда болуы мен дамуы, тарихи зерттеулердегі қолдану теориясы мен практикасын жасау диалектикалық және тарихи материализмдегі ғылыми танымның жалпы теория және методологиясы ретінде анықталады. Бұл бағытта белгілі деректанушылар М. Тихомиров, И. Ковальченко, Р. Мнухина, В. Стрельский, А. Пронштейн, Л. Пушкарев және т.б. ғалымдар көптеген жұмыстар жасады. А. Лаппо - Данилевскийдің жасаған методологиялық бастамалары аталған тарихшылардың еңбектерінде ұсталынды. Кеңестік деректану ғылымының басты өкілдері өз мектептерін құрып, бұл ғылымды әрі қарай дамытуға үлес қосты.

Объективтілік ұстаным тарихи құбылыстарды барлық қиындықтарымен, жан - жақтылығымен және қарама - қайшылығымен зерттеуді болжамдайды. Оны деректануда қолданудың екі қыры бар. Біріншіден, ол әрбір жеке деректің зерттеу негізінде жатуы керек. Дерек мазмұнының шынтуайттылығын анықтау үшін объективтілік дәрежесін ашуда, ондағы тарихи шындықтың көрінуінде деректің объективтілігі мен субъективтілігі бірігіп, біртұтас құжат ретінде талдануы және қаралуы міндетті. Тарихшы өзінің зерттеу практикасында қойылған міндетіне сай ақпараттың тек бір бөлігін, мәселен, деректің мәліметін пайдалануы мүмкін. Бірақ бұл ақпараттың мазмұнына дұрыс ғылыми түсіндіру, оны зерттеуде нақты жеткізу барлық деректерді біртұтас талдауда мүмкін болады [6]. Бұл ұстаным, әрине, кеңес кезінде толық жүзеге асты деп айта алмаймыз. Тар марксистік - лениндік теория коммунистік партияға жат тарихи оқиғаларды зерттеуде тарихшыларды шектеп отырды. Дегенменен, тарихшылар оған қарамастан деректерді табуда, таңдап алуда және зерттеулердің деректік базасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Әсіресе, бұл Қазақстан тарихын зерттеуде айқындалды.

Тарихи ұстаным - диалектикалық әдіспен тікелей байланыста және оның құрылымды бөлігі. Қазіргі ғылымда тарихи ұстанымға назар аударылуы дамып отырған әлеуметтік - тарихи танымды теорияландыру, қоғамдық ғылымдарға математикалық әдістерді енгізу, абстракция мен формалдылықты көлемді түрде пайдалану және эмпи-

ризмді қанағаттандыра ала алмауынан болып отыр [6, 17]. Тарихи ұстаным – ол дерекке тек нақты тарихи тұрғыда қарау емес, сонымен қатар деректің пайда болуы мен сақталуына әсер ететін оқиғаларды, құбылыстарды және үдерістерді зерделеу [2, 28]. Тарихилылық ұстанымы ғылыми зерттеліп отырған оқиғаның дамуы мен оның танымдық тарихын анықтайды.

Тарих методологиясы екі деңгейге бөлінеді. Бірінші деңгей («деректану методологиясы») шығарманы (дерек) жасаушы белгілі бір уақыттың мәдениет құбылысы ретінде әдістерінің жүйесінен көрінеді. Зерттеу барысында дерек оның авторы қалай ойлағанындай және жүзеге асырғанындай етіп, әрі қарай – одан да кең – мүмкін, тіпті автор және оның замандастары ұғына алмаған аталған уақыт мәдениетінің құбылысы ретінде зерттеледі, талданады және түсіндіріледі. Екінші деңгей («тарихи құрылу методологиясы») деректі аталған мәдениеттің бөлігі ретінде жасай алатын әдістер жүйесінен тұрады. Мәселен, жеке құқықтық құжаттар құрылған уақытын (деректану методологиясы деңгейінде) бекіте отырып, қоғамның құқықтық мәдениеті жағдайын анықтауға (тарихи құрылу методологиясы негізінде) болады. Аталған тұжырымдаманың әрі қарай дамуы оның негізгі постулаттары мен деректердің әртүрлі түрлері мен топтарын зерттеуде әлеуметтік өмір шындығы ретінде қолдануды бекітеді [4, 75].

Деректерді деректанулық сынау талдау мен өңдеу әдісін жасаудың алғышарттары болып табылады. Тек деректі жан - жақты сынап қарау ондағы ғылыми маңызды ақпаратты тандап алуды қамтамасыз етіп қана қоймай, зерттеушіге тарихи фактілердің жүйесін құру үшін оны жасау әдісін таңдауға, зерттеліп отырған құбылыс пен үдерістердің ішкі табиғатын ашуға, олардың ара қатынасы мен даму тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді [2, 29]. Деректанудың негізгі теориялық - методологиялық мәселелері: тарихи деректану ғылымы, деректану пәні, тарихи деректерді жіктеу, деректерді пайдалану және зерттеу. Тарихи дерек дегеніміз тарихи оқиға туралы негізгі мәлімет. Тарихи оқиға (зерттеу объектісі) және тарихшы (зерттеу субъектісі) арасында тарихи дерек бар. Ал тарихи деректі дәл сол күйінде объективті зерттеу тарихшының негізгі міндетіне енеді [6, 6]. Деректермен жұмыстың негізгі кезеңдері: іздеу, деректерді анықтау, деректанулық талдау, зерттеу әдістерін жасау, деректердегі мәліметтерді талдау және өңдеу. Олардың барлығы деректанулық талдау болып табылады.

Деректанулық талдау ұғымы немесе деректі ғылыми сынау тарихи деректі зерттеудің мазмұнын құрайды: ескерткіштің сыртқы ерекшелігін, оның түпнұсқалығын анықтау, деректің мәтінін оқу, уақытын, орнын, авторлығын бекіту, мәтіннің шығу себепін және мотивін анықтау, мәтінді түсіндіру, оның шынайылығын, толықтығын, өкілеттілігін, ғылыми маңызын айқындау [4, 74]. Деректердің өзінің барлық құрылымы, мазмұны, шығу тегі, жасалу себептері сияқты жан - жақтылығы, формасы мен мазмұны пайда болуының жалпы ерекшеліктері болады. Бұл оған біртұтас ғылыми тұрғыда келу мүмкіндігін береді, яғни деректанулық талдаудың әдісін жасау және оны мәдениет феномені ретінде қарау қажеттілігі туындайды.

Деректанудың әдісі мынадай мақсаттарды көздейді: 1) қоғамның дамуы туралы фактілік материалдарды алу үшін (толықтылығы, дәйектілігі және бұл мәліметтердің жаңа деңгейі) деректің ақпараттық мүмкіншілігін қалыптастырады; 2) деректің ерекшелігін дәлелдеп бағалайды. Осыған байланысты деректану әдісі кезеңде түрде, жалғаспалы жүргізіледі. Әрбір кезеңде өзіндік зерттеу міндеті шешіледі, мақсатқа жетеді [2, 30]. Осылардан шыға келіп, деректанулық зерттеудің құрылымы төмендегідей болып жасалады: деректің пайда болуының тарихи жағдайы, авторлығы, қалыптасуы, әлеуметтік - мәдени ортада авторлық мәтіннің, шығарманың жүруі, деректі түсіндіру әдістері, мазмұнын талдау, деректанулық синтез жасау.

Жалпы алғанда, деректанудың ең басты, негізгі теориялық - методологиялық мәселелерінің шыңы түпнұсқалығы, шынтуайтылығын анықтау болып табылады. Түпнұсқалық - деректің мәтінінде көрсетілген автордың немесе ұжымның жасағандығын

ғылыми бекіту, шынтуайттылық – тарихи құбылысты бейнелеуді объективті көрсету. Әрине, барлығы толық ақиқат болуы мүмкін емес.

Кеңес құжаттарымен жұмыс істеу барысында бұларды ескеру қажет. Аталған уақыт құжаттары қатаң қыспақ пен идеологиялық қысым арқасында жылдар бойы сіресіп сақтау қоймаларында жатты. 1980 жылдардың аяғынан деректерді жариялау басталған сәтте тарихшылар коммунистік басшылықтың және құзырлы мекемелердің саяси, идеологиялық, жазалаушы материалдарын ала бастады. Бұл мұрағаттар қорларының мазмұнын ескермей, деректанулық талдаулар жасамай, толық жарияламай осы жылдардың тарихының толық тұжырымдамасын жасау қиын.

XX ғасырдағы көлемді саяси репрессия деректері кеңес кезінде зерттелмеген, ғылыми айналымға тоталитарлық мемлекет құлағаннан соң ғана енгізіліп отырған жаңа материалдар екені белгілі. Ресейде де, Қазақстанда да аталған кезең құжаттары енді - енді зерттелуде. Сондықтан да зерттеу методологиясын қалыптастыруда сан - қырлы әдістерді қолдана аламыз.

Деректің тарихи құндылығын анықтауда жасаушының қандай мемлекетте, идеологияда өмір сүріп отырғанын ескеруге міндеттіміз. Әр құжаттан тоталитарлық жүйеге қызмет етушінің қолтаңбасы байқалды. Мәселен, тергеу хаттамаларын алайық. Жартылай сауатты тергеушілердің жазған хаттамаларын сараптау өте қиын. Оған ойдан шығарылған фактілерін қосыңыз. Қатал заңдар, олардың жай түсіндірілдіруі, қорқыныштан пікірдің айтылмауы, тергеушілердің шала сауаттылығы жауап алу хаттамалары мазмұнын бірдей етті.

1932 жылы әділет органдарының аудандық бөліктерінде қызметкерлердің кем дегенде 60 пайызының мүлдем құқықтық білімі болмады, тек қана 30 пайызының жоғары заңдық білімі болды [7]. Тергеушілердің қолдан шығарылған істерін зерттеп отырған тарихшы міндетті түрде дәлелдеуі қажет. Деректануда тарихшы деректі басқа құжаттармен салыстыра отырып, жұмыс жасай алады. Осылайша, деректің толықтығын, шынтуайттылығын ашуға болады. Алдымен мемлекеттің осы мақсатты жүзеге асыру үшін жасап отырған шараларын, сосын репрессияға ұшыраған адамдардың кейін жазған естеліктерін салыстырамыз. Сонымен, жазаланушыны жалған құжаттарға қол қоюға нендей жағдай мәжбүр етті деген сұраққа жауап іздейміз. Осындай ізденістер ғана деректі талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кеңес мұрағаттары құжаттарын қарсы майданда болғандар естеліктерімен, көзқарастарымен салыстырсақ, біраз мәселені ашатын мүмкіндікке қол жеткіземіз. Бұл жерде сол кезде шетелде эмиграцияда болған саяси қарсыластар еңбектері көмекке келеді. Мәселен, коммунистерге қарсы шетелде ымырасыз күрес ашып, Қазақстанда жүргізіліп жатқан жазалауларды мерзімді басылым материалдарын дерек көзі ретінде аша отырып, әлемге танытқан Мұстафа Шоқай, большевиктерге қарсы күресін Алаш қайраткерлерімен байланыстырған, башқұрт ұлт - азаттық қозғалысының басшысы Зәки Валиди естеліктері. Еңбектердегі нақты мәліметтерді анықтамай, деректегі тарихи шындықты табу қиынға соғады. Әрбір тарихи оқиға мұқият салыстырыла қарастырылуы қажет.

Ал мемлекеттік мекемелер құжаттарын даярлаған, яғни оның авторлары кеңестік аппарат қызметкерлерінің көпшілігі кәсіби революционерлер болды, бейбіт өмірде мемлекеттік мекемелерді басқаруда олардың өресі жетпеді. Жоғары білімдері жоқ, болса да үзік - үзік білім алған олар тек қана әміршіл - әкімшіл өктемдікке сүйенді. Қазақстан сияқты ұлт республикаларында, жергілікті органдарда мәселе күрделі күйінде қала берді. Шала сауатты және біліктілігі төмен мамандар саяси репрессия кезінде белсенділік танытты. Бұл туралы К. Нұрпейісов пен Х. Әбжанов дәл көрсеткен болатын: «Елдің ішкі - сыртқы өміріне шектеусіз билік орнатқан большевиктер партиясының, оның ішінде Қазақстан Компартиясының 30-шы жылдардың аяғындағы білім, кадрлық және интеллектік әлеуеті мақтанарлық деңгейде болған жоқ. Мәселен, респуб-

лика коммунистерінің 78-80 пайызы бастауыш мектеп бітіргендер мен шала сауаттылар ғана болса, 600 - ден астамы оқи да, жаза да білмейтін сауатсыздар еді. Бұл кез басқару жүйесінің қай деңгейінде болсын, халық дәл тауып айтқан, «шолақ белсенділер» бел алған уақыт болатын. Ал 1938-1940 жылдар арасында партия мүшелері қатарындағы жоғары немесе аяқталмаған жоғары білімді мамандар үлесі 4,2 ден 1 пайызға дейін азайып кетті» [8]. Авторлар, мысалға, Ішкі істер халық комиссариатында, кейін республиканың бірінші басшысына көтерілген Ж. Шаяхметовтың 1940-1950 жылдардағы саяси репрессиялар кезіндегі қазақ зиялыларын қудалаудағы қызметін көрсетеді.

Кеңес кезінде мекемелердің іс жүргізу құжаттары саны өте көлемді болды. Жобалап берілген мәліметтерге қарағанда, мекемелердің жыл сайынғы қызметінен туындайтын құжаттар көлемі 200 миллионға жуық істі құрады. Оның тіпті осы санының 2-3 % ғана мұрағаттық құндылықты құрап, ұзақ сақтауға түсетінін ескерсек те, мұрағаттың ағымды іс жүргізуінде сақтау бірліктерінің көлемі үлкен және өсіп отырды [6, 397]. Сондықтан да болар, Ресейде шыққан “История сталинского ГУЛАГа” ірі құжаттық жинағына кеңестік Лагерлер Бас Басқармасының миллионнан астам құжатының екі мыңға жуығы ғана іріктеліп алынған [1, 76].

Осылайша мекемелердің іс жүргізу материалдарын зерттеу қажеттілігі туындайды. Деректанудың саласының бірі құжаттарға сапалы баға беру болып табылады. Деректанулық әдістер іс жүргізу материалдарынан шынтуайтты мәліметтерді алуды көздейді. Мәліметтерді талдау кезінде төмендегідей міндеттер қойылады: құжаттардың авторлығы, мерзімі, шығу тегі, сипаты мен тарихи - ғылыми құндылығы анықталады. Әрі қарай деректерді талдаудың әдісі мен методологиясы жасалады.

Дерек түпнұсқа немесе шынтуайтты болғанменен, тарихи үдерісті толық аша алмауы мүмкін. Ал кейбір құжаттардың бір бөлігі ғана қалса да, шектелген ақпаратты болса да, оқиғаны аша алмаса да аса құнды болуы мүмкін. Немесе қарама - қарсы майданда соғысқан саяси қарсыластардың бір - біріне әдейі жинаған мәліметтері сақталады. Деректанушы осылардың ішінен, тіпті сөздердің арасынан тарихи шындықты таба алуы қажет. Ол үшін тарихи үдерісті де жан - жақты игеруі керек. Большевиктер өз қылмыстарын көрсетпеу үшін көптеген құжаттарға шектеу салды, кейбіреулерін жойып та жіберді. Дегенменен де, аздаған деректердің өзі де көп мәселелерді анықтайды. Қандай да құжат болсын, сол уақыттағы тарихи оқиғаларды жанама болса да ашатынын ескерміз. Түпнұсқалық деңгейін анықтауда деректерге сын жасалады. Әрбір деректің тарихи маңыздылығын дәйектеу үшін зерттеуші бұрмалауларды таба білуі керек. Бұл тұрғыда кеңес деректерімен жұмыс істеу қиын емес. ПХК құжаттары ішінде «контрреволюциялық ұйымдар» туралы құжаттар кешені бар. Осы құжаттар деректанулық сынды аса қажет етеді. Тарихшы айыптау қорытындыларын пайдаланған немесе жариялаған кезде, қолдан жасалған мәліметтердің әр сөзінің жалғандығын дәйектеп отыруы керек.

Сонымен қатар, түпнұсқа мен шынтуайттылықты жүзеге асыруда құжаттарды анықтау және жариялауға даярлау, құжаттың авторлығы, құжаттың мерзімінің қойылуы, көшірме мен түпнұсқаны салыстыру, құжаттың мәтінін оқу ерекшеліктерін анықтау қажет.

Біріншіден, тарихи зерттеулерде деректік базаның толықтығы міндетті. Кеңес өкіметі кезіндегі мұрағаттық құжаттардың көптігінен зерттеушілерге нақты деректерді таңдап алу қажеттілігі туады. Деректерді таңдап алу өте қиын шаруалардың бірі. Осы жерде әлеуметтанулық ұстаным репрезентативтілік (ре - қайта жаңғырту немесе әрекетті, құбылысты қайталау) басты бағыт бола алады.

Келесі мәселе құжаттың авторлығын анықтау болып табылады. Кеңес өкіметінің кезінде іс жүргізу құжаттары көпшілігі мекемелердің алқалық жиылыстарында қабылданды. Әрине, басшылардың алдын - ала келісіп алатын фактілерін де жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, Н.С. Хрущев XX сиезде сөйлеген сөзінде И. Сталиннің 1934 жылдың 1 желтоқсанында «үлкен террордың» бастамасы болып, қатал жазалауды жүзеге

асырған КСРО ОАК Президиумы «Террористік актілерді жасау немесе даярлау туралы істерді жүргізу тәртібі туралы» қаулысын алдын - ала өзі жасап, кейін Орталық Атқару Комитеті және Халық комиссарлар кеңесіне дайын алқалық қаулыны әкелгенін айтады. Қазақ Өлкелік Комитетінің басшысы Ф. Голощекиннің де кейбір мәселелерді өзі шешіп, шешім қабылдатып отырғаны туралы да мәліметтер бар. Бірақ бұндай фактілерді айқындау өте қиын.

Құжаттың мерзімінің қойылуына да күмән келтіруге болады. Алқалық мәжілістердің уақытын өзгерту қиын шаруа емес. Осы жерде тарихшы құжаттың жасалу мерзімін анықтауға көңіл бөлуі қажет. Кейде даярланған күнін емес, жарияланған уақытын айтуы мүмкін. Бұл көбінесе одақтық көлемдегі іс жүргізу материалдарына қатысты болып келеді. Ал жергілікті мекемелер іс - әрекеті барысында жасалған мәліметтерде көрсетілген мерзімдер көбінесе өзгертілмеді.

Көшірме мен түпнұсқаны салыстыру мәселесі күрделі. Кеңестік іс жүргізу құжаттары жасалғаннан кейін бірнеше көшірмелері даярланады. Немесе орталықтан келген материалдар көбейтіліп таратылды. Қазақстанда жасалған материалдар да облыстарға бірнеше дана етіп, жіберіліп отырылды. Осының әсерінен зерттеушілер түпнұсқа мен көшірмені айыра да алмай қалады. Мәселен, «Революциялық трибунал» туралы декретті, алаштықтарға жасалған амнистияны орталық және жергілікті мұрағаттардың қорларынан табуға болады. Орталықта сол күйінде сақталса, облыстарда нақты шаралар қолданылды. Мәселен, құжатта декреттің орындалуы туралы, басқа мекемелердің оған қарым - қатынасы айтылды. Сондықтан қосымша материалдар беріледі. Осылайша, көшірме орындалу жағынан түпнұсқадан асып түседі.

Құжаттың мәтінін оқу ерекшеліктерін анықтауда бірнеше мұрағаттар мәліметтерін салыстыра отырып, жұмыс істеу қажет. Әсіресе, жоғары партия - кеңес органдарының деректерін орталық мұрағаттардан, облыстық мұрағаттарда да жергілікті мекемелер мәліметтерін алатынымызды естен шығармау керек. Осы бағытта мәтінді оқу жүзеге асады. Себебі оқиға болған жерде мәлімет дәл формасында сақталады.

Деректанудың методологиясының іргелі ұстанымдары мынадай: шығармаға (таным дерегіне) танымның ғылымилығы алғы шарттары ретінде қарау; адам қарым - қатынасы феноменін дерек формасында зерттеу; шығармаға мақсатты жасаушылық қызметінің басты сәттеріндегі тұлғаны (немесе бірлестік) бақылауға мүмкіндік беретін дерек ретінде қабылдау [6, 77, 520]. Дерек оқиғаның толық ақиқатты көрінісі бола алмайды. Ол тарихшыға ақпарат қана береді. Тарихшы өзі қойған мақсат - міндеттерін ақпараттар арқылы орындайды. Сонымен қатар, дерек жасаушының дүниетанымы арқылы оқиғаны суреттейді. Осыдан келіп, Ресей тарихшылары «адам – дерек - адам» деген үштікті ұсынады. Бұл жағдай сталинизм кезінде ерекше көрінді. Құжаттар кейде тарихи шындықты ашпау үшін арнайы жарамсыз етіп жасалды.

Кеңес тарихшылары құжаттарды толық шынтуайтты деп ойлады немесе үндемей көнді. Бұған белгілі бір деңгейде мұрағаттық құжаттардың үлкен бір бөлігіне зерттеушілердің жіберілмеуі әсер етті. Ал мұрағаттық құжаттар жарияланған еңбектердегі күдікті фактілерді тексеру мүмкіндігін бере алатын еді. Мұрағаттық құжаттарды пайдаланудың өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Алдымен құжаттарды жасаушы мұрағат мекемелері мен мұрағаттану - шылар қызметіне тоқталамыз. Бұл бізге деректерді жасаушылардың іс - әрекетін анықтауға, ашуға мүмкіндік береді.

Кеңес кезеңінің деректерінің көлемді бөлігі мұрағат құжаттары екені белгілі. Сондықтан мұрағаттық материалдарды ғылыми айналымға қосу, сараптау - тарихшылардың мақсаты.

Кеңес өкіметі тұсында мұрағаттар ұлттық, стратегиялық объект ретінде қарастырылды. Сондықтан да, 1938 жылдан бастап Ішкі істер халық комиссариаты қарамағына берілген. Осыдан келіп, құжаттарды шектеулер мен топ - тобымен жою орын алды. Кеңестік мұрағаттар материалдарын зерттеуде осы мәселе ескерілуі қажет. Ең жоғары

жазалау мекемесі құжаттарды жасауда, сақтауда өзінің алдына қойған мақсат - міндеттерін орындауды талап етті. Осылайша, сталиндік кезеңде деректерді жасауда арнайы тапсырманы орындауға мәжбүрледі. Дегенменен, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында сан - қырлы ізденістермен деректанулық сын жасауға болады. Бұл тұста құжаттардың жетіспеушілігі, мемлекеттік мекемелер мәліметтері кеңестік идеологияның бағытын ұстанғанын да ескеру керек.

Кеңестік құжаттарды зерттеу методологиясы бізге көп мәселелерді ашуға көмектеседі. Оның ішінде, мемлекеттік мекемелер құжаттарын талдау бүкіл кеңес деректерін анықтауға мүмкіндік береді. Ал кеңес деректері Отан тарихының қазіргі заман кезеңінің үлкен бөлігін қамтиды.

Список литературы

1. Козлов В.П. Основы теоретической и прикладной археологии. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2008. – 224 с., 36 б.
2. Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 43 б., 3 б.
3. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 272 с., 142, 160 бб.
4. Источниковедение XX столетия. Тезисы докладов и сообщений. – М.: РГГУ, 1993. – 215 с.; Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учебное пособие / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М.: РГГУ, 1998. – 702 с.
5. Шмидт С.О. Путь историка. Избранные труды по источниковедению и историографии. – М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1997. – 612 с., 612 б.
6. Источниковедение истории СССР (под. ред. И.Д. Ковальченко). – М.: Высшая школа, 1981. – 496 с., 15 б.
7. Литвин А. Следственные дела как исторический источник // Эхо веков. – 1995. – май. – С.170-175., 170 б.
8. Нұрпейісов К., Әбжанов Х. 51 жылдың ызғарлы күзі // Қазақстан коммунисті. – 1991. – №3. – 51-61 бб.

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТАРИХИ ТАНЫМ

Алтайы Иранбекқызы Оразбаева

Тарих ғылымдарының докторы, профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы

*Сан-Данышпан – Жандар өткен,
Ата-Текті – Ақ-Сүйек!
Иен-Жұртына – Бағдар еткен:
Тартқызбауды – Тақсырет!
Хандар өткен – небір Дана,
Алтын-Тақты – Бақ-Талан!
Нәтижесі – Өмір-Нама:
«Шұбырынды-Ақтабан»!*

Иран-Файып

Қазақ атты халықтың ұлттық мемлекетінің, яки қазақ хандығының бес жарым ғасырлық мерейтойының мемлекеттік деңгейде аталып өтуі, қай жағынан алып қарастырсаңыз да: адами, азаматтық болсын, әлеуметтік мәдени, саяси экономикалық, жанандық деңгейде болсын, бүгінгі түрлі түске боялған, алмағайып заманда ең алдымен,